

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдәурен» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.03-10.03.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>Жоба "Әсем гүлдер".</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажетігін туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек дағдылары)</p>		<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек дағдылары)</p>

				ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Таза бұлақ". Мақсат-міндеттер: балаларды "Таза бұлақ" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзін зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Судың қасиеті". Мақсат-міндеттер: балалардың су туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру; суға арналған көркем сөздер арқылы сөздік қорын молайту.</p>		<p>"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Таза су". Мақсат-міндеттер: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемдегі пайда болатын ерекшеліктерімен және өзгерістерімен таныстыру; көктемгі табиғаттың белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде денені тік, аяқты алшақ, қолды төменде ұстау. 1 - құрсаудың ішінде отыру; 2 - құрсауды екі жанынан ұстап, бел деңгейіне әкелу; 3 - құрсаудың ішіне отырып, оны жерге қою; 4 - басапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.</p>				

	<p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсауды тігінен артына ұстау. 1 - 2 - денені оңға бұру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды жоғары жағынан екі қолымен ұстап, тігінен жерге қою. 1 - 2 - құрсауға сүйене тұрып, оң аяғын артқа ұстау; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, бүгілген қолымен құрсауды алдына ұстау. 1 - 2 - отыру, құрсауды алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1 - оң тізесін бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяғына қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұрып, қолын беліне қою. Педагогтің 20-ға дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p>

	<p>Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Жылғалардан су ақты" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Көктем" туралы тақпақтар, әндер жаттау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)</p>		<p>Табиғи апаттар, қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Көктем мезгілінің тақырыптарына байланысты дидактикалық ойындар ойнау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Қапшаларды нысанаға лақтыру". Мақсат-міндеттер: педагогтің белгі беруі бойынша шеңбердегі бағытты өзгертіп, кубиктердің арасымен шашырап жүру және жүгіруге үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі "Ертегі оқу "Торғай мен тышқан". Алдымен, кейін." Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін таныстыру; қазақ тіліндегі сөздердің алуан түрлілігі туралы білімдерін дамыту, маусымдық өзгерістер, табиғат арасындағы</p>		<p>Музыка "Нұрлы көктем". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және</p>	<p>Дене шынықтыру "Қақпашы бола аламыз ба?" Мақсат-міндеттер: балаларды сапта бір-бірден бытырап жүру; затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; тепе-теңдікті сақтап тақтаймен жүруге үйрету.</p>

		<p>байланыс туралы түсініктерін дамыту. Балаларды қазақ тіліндегі «Торғай мен тышқан» ертегісін тыңдауды, мазмұнын еске сақтауды үйрету; мәтін мазмұны бойынша сұрақтарды түсініп, жауап беруді меңгерту; құбылыстар тізбегін түсініп, «алдымен», «кейін» ұғымына сәйкес орналастыру біліктіліктерін дамыту; логикалық ойлауын, есту зейінін, еске сақтауын, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту. Байқампаздыққа, әдептілікке, жаңашырлыққа, ертегілерге деген сүйспеншілікке</p>		<p>адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру.</p>	
--	--	---	--	--	--

		<p>тәрбиелеу.</p> <p>Музыка "Өніміз сыйлық болсын". Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	<p>Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Тырсылдап түседі, Жер бетіне жетеді,</p>	<p>Аулада тазартушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Тақпақ.</p>		<p>Ағаштарды бақылау (қайың, үйеңкі, терек). (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ.</p>	<p>Тамшыны бақылау. (қоршаған ортамен танысу сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Мұрны жоқ шымшық,</p>

	<p>Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) Тақпақ. «Жаз келеді». Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ Бақылау. Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. Қимылды ойын: «Құлыншақтар». (дене шынықтыру)</p>	<p>Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысың, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. Бақылау. Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек іс-әрекеттерін көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу, көмектесуге ынталандыру. Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір». (дене шынықтыру) Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың</p>		<p>Ақ көйлекті, көк желек, Орманда орны бір бөлек. Әннің аты деседі, Сызды жерде өседі. (Қайың) Бақылау. Ауладағы ағаштарды қарап шығу. Барлық ағаштардың бұтақтарында бүршік бар және олар әр түрлі екендігіне назар аудру. Ағаштың бұтағы мен діңдерін салыстыру. Ағашты қастерлеуге, күте білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Кім бірінші жүгіріп келеді». (дене шынықтыру) Балаларды тез және белгі бойынша жүгіруге үйрету. Кедергі жасамай</p>	<p>Мұз тесер.(Тамшы) Бақылау. Көктем құбылыстары. Тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Көктемге байланысты айтылатынын «күн қыздырады», «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру. Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді». (дене шынықтыру) Бір орында секіру, қимыл-қозғалыстың шапшаңдығын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары)</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Еңбек. Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. (еңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар. Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру. (дене шынықтыру)</p>	<p>кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету.</p> <p>Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру. Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар. Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. (дене шынықтыру)</p>		<p>өзінің орнына қайтып келіп тұру, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Еңбек. «Ағаштың жан-жағын қопсыту». (еңбек дағдылары)</p> <p>Берілген жеке тапсырмаларды орындауға үйрету. Тәрбиешіге көмек беруге ынталандыру. Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асырту.</p>	<p>Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Балықтарды тамақтандыруға үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар: «Көпіршік сабын буларды үрлеу». (дене шынықтыру)</p> <p>Балалар арасында қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p>				

	<p>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Күндізгі ұйқы	«Батпан құйрық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу</p> <p>"Торғай ұшып келеді".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшып жүрген құстардың</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</p> <p>"Көктем туралы тақпақты жаттау".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың "тақпақ"</p>		<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</p> <p>"Тамшыларды қалай санаймыз?"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Көктем белгісі - бәйшешек".</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мақта табақшаларын екіге</p>

	<p>бейнелерін салу техникасына үйрету; доғалы сызықтың бойына құстың басын, денесін, құйрығын салып, қанаттар мен тұмсығы деталдерімен толықтыру білігін арттыру.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Аналар мен қыздар". Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы туралы, отбасы мүшелерінің міндеттер жайлы түсініктерін бекіту. Ойынға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды рөлдерге бөлініп, бөлінген рөлге сәйкес әрекет етуді, сюжетті дамытуды</p>	<p>ұғымын қалыптастыруды жалғастыру, көктем туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; көктемді сипаттайтын көркемдеуіш сөздердің мағынасын түсіндіру.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Тазабекте қонақта" Мақсат-міндеттер: балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тазалық құралдарын қолдану тәсілдері жайлы білімдерін кеңейту; гигиеналық шараларды күнделікті орындауды үйрету; тазалыққа, өз денсаулықтарын</p>		<p>дыбыстарды естіп алып, жиынын белгілі санмен немесе эквивалентімен сәйкестеу туралы ұғымдар қалыптастыру.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Театр". Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының</p>	<p>бүктеп, шыққан жарты шеңбердің үстіңгі жағынан ортасына қарай қайшымен сопағынан қию арқылы бәйшешек гүлінің басын дайын жазық қағаз бетінде орналасқан сабақтардың үстіне жапсыруға үйрету.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Пиццерия". Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>үйретуді жалғастыру. Ойын барысында өзара әрекеттесуге және ойыншылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ету. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>күтуге тәрбиелеу. Барысы. Ойын басында тәрбиеші балаларға топқа Тазабектен сыйлық келгенін хабарлайды. Ары қарай балалар ішіндегі заттармен танысады, әр заттың маңызын анықтайды. Тәрбиеші келген тазалық құралдарын қолданып, қуыршақты олармен пайдалануды үйретуді ұсынады. Балаларға балабақшадағы таңғы жиынды немесе түскі ұйқы алдындағы гигиеналық шараларды көрсетуді ұсынуға болады.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері.</p> <p>Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пицерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу; тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезінде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	--	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)</p>	<p>Саусак жаттығулары Көтеріліп шаңырақ, (шеңбер құрады) Уықтары шаншылар. (қолдарын жоғары созады) Керегелер керіліп, (қолдарын жандарына созып, үлкен шеңбер жасайды) Өрімдей боп өрілер. Бәріміз жүрсек айналып (шеңбер бойымен айналады) Киіз үй боп көрінер. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер". «Ғажайып нүктелер» арқылы гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып, гүлдің суретін шығарады. (сурет салу)</p>	<p>«Мозаика». Мақсат-міндеттер. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы. Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның атауын дауыстап атайды, одан геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға</p>
-------------------------------------	---	---	--	--	---

					өрнектердің түсіне үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(дербес әрекет)</p>				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны,</p>				

	<p>майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан қосып же тоясын, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән</p>

	<p>айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға арналған 6 кеңес.</p>	<p>Жоба "Әсем гүлдер".</p>		<p>Психолог кеңесі. "Бала тілін қалай дамытамыз?"</p>	<p>Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.</p>

Әдіскер:

А.А.Сулейменова